

2013-2014 жылдарға арналған субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдерін айқындау туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 20 қаңтардағы № 17 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 17 ақпанда № 2533 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 6 тамыздағы № 2089 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 06.08.2014 № 2089 хатымен).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2–тармағына, «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысына сәйкес Қазығұрт ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қазығұрт ауданы бойынша 2013–2014 жылдарға арналған субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес ай қ ы н д а л с ы н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Ғ . А . Т ө л е п о в к е** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2013 жылдың 1 қазанынан туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Аудан әкімі **Б.Д.Қыстауов**
Қазығұрт ауданы әкімдігінің
2014 жылғы 20 қаңтардағы
№ 17 қаулысына қосымша

**Қазығұрт ауданы бойынша 2013-2014 жылдарға арналған
субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарының түрлері
бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдері**

N	Дақылдар түрі	Оңтайлы мерзімдері		Ескерту
		басталуы	аяқталуы	
1.	Күздік бидай	10.10.2013	30.11.2013	Тәлімі және суармалы жер, жылдың қалыптасқан ауа райы-климаттық жағдайын ескере отырып
		15.10.2013	30.11.2013	
2.	Жаздық бидай	30.02.2014	10.04.2014	Тәлімі жер
3.	Дәндік және сүрлемдік жүгері	10.04.2014	05.05.2014	Суармалы жер
4.	Жоңышқа	05.03.2014	10.04.2014	Тәлімі және суармалы жер
5.	Максары	05.03.2014	15.04.2014	Тәлімі жер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК